

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҰМЫС КҮШІ АРТЫҚ АУЫЛДЫҚ ӨңІРЛЕРІНДЕГІ
ЕҢБЕК НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**STATE REGULATION OF LABOR MARKET
IN LABOR-SURPLUS RURAL REGIONS OF KAZAKHSTAN**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЫНКА ТРУДА
В ТРУДОИЗБЫТОЧНЫХ СЕЛЬСКИХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА**

С.С. ЫДЫРЫС^{1*}

э.ғ.д., профессор

Р.К. НИЯЗБЕКОВА²

э.ғ.д., профессор

С.А. ИЛАСHEBA²

э.ғ.к., доцент

¹Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*автордың электрондық пошталары: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

S.S. YDYRYS^{1*}

Dr.E.Sc., Professor

R.K. NIYAZBEKOVA²

Dr.E.Sc., Professor

S.A. ILASHEVA²

C.E.Sc., Associate Professor

¹H.A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz

С.С. ЫДЫРЫС^{1*}

д.э.н., профессор

Р.К. НИЯЗБЕКОВА²

д.э.н., профессор

С.А. ИЛАСHEBA²

к.э.н., доцент

¹Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А.Ясауи, Туркестан, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

*электронная почта автора: serikbay.dyrys@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" Мемлекеттік бағдарламасында қалыптасқан жағдайды зерделеуге және республикадағы жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін шаралар әзірлеуге ерекше назар аударылған. Мақалада жұмыс күшінің шамадан тыс шоғырлануы бар Қазақстан облыстарындағы ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету көрсеткішіне теріс әсер ететін факторлар баяндалған және негізделген. *Мақсаты* – жұмыс күші артық өңірлердегі еңбек нарығын реттеудің жаңа нысандарын анықтау, оларды іске қосу жолдарын көрсету; уақыт қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыссыздықты қысқартудың жаңа моделін әзірлеуге жәрдемдесу; жұмысқа орналастыруды мемлекеттік реттеудің қазіргі заманғы тетіктерін қарастыру. *Әдістері* -диалектикалық, ғылыми жалпылау, жіктеу, жүйелік және салыстырмалы талдау. *Нәтижелері* – өңірлік халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмыс істеу тиімділігін арттыруға, олардың қызметкерлерін сыртқы және ішкі ынталандыру құралдарын әртараптандыруға, Шымкент қаласының жұмыспен қамту орталығы мамандарының біліктілігін арттыру практикасы негізінде еңбек сегментінің конъюнктурасын болжаудың дұрыстығын арттыруға мүмкіндік беретін ұсыныстар әзірленген. Өңірдің еңбек ресурстарының артық болуының себептері талданды және жіктелген; "артық жұмыс күші" ұғымының өзіндік анықтамасы ұсынылған; еліміздің басқа

Кіріспе. Экономикалық әлеуеттегі, демографиялық және ресурстық базадағы, табиғи-климаттық жағдайлардағы және халықтың этномәдени дәстүрлеріндегі айырмашылықтар еңбек ресурстарын молайтудың және еңбек нарығын қалыптастырудың өңірлік ерекшеліктерін айқындайды. Демек, тұтастай алғанда, жұмыспен қамту және экономиканы реттеу саласындағы мемлекеттік саясат өзінің мәні бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген ауылдық өңірлерінің жағдайларына бейімделуі тиіс.

Бұл ұсыныс ҚР-сы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамаларын жасақтауда назарға алына бермейді. Жұмыспен қамту саясатын бағалауда қалыс қала береді. Ал мұның өзі еңбек нарығын және қоғамның әлеуметтік дамуын реттеуде мемлекеттің рөлін едәуір арттыратындығы сөзсіз.

Еңбек нарығының теңгерімсіздігі проблемасының өткірлігі жұмыс күші артық өңірлерде қағидатты маңызды мәнге ие болады. Мұнда жұмыс күшіне жиынтық сұраныстың болмауынан пайда болған жұмыссыздар контингентінің басым болуы мемлекет пен қоғамнан мәселені терең түсінуді және қазіргі жағдайдан шығудың жолын белсенді іздестіруді талап етеді.

Еңбек нарығының мәселелерін зерттеуге арналған көптеген жұмыстарға қарамастан, оны реттеу әдістері көптеген мәселелер толық қамтылмаған және егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді. Отандық экономикалық әдебиеттерде жұмыс күші көп өңірлердің еңбек нарығын, оның даму факторлары мен перспективаларын зерттеуге арналған мамандандырылған жұмыстардың тапшылығы сезіледі. Соңғы зерттеушілердің еңбектерінде жұмыссыздықтың жай-күйі жұмыссыздықтың салыстырмалы түрде жоғары деңгейінің және еңбек нарығының басқа индикаторларының ең нашар жағдайының болуы ретінде анықталды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы ретінде Экономикалық теория, Еңбек экономикасы және мемлекеттік басқару саласындағы іргелі теориялық және қолданбалы зерттеулер алынды. Бұл еңбектерде аймақтық еңбек әлеуетін қалыптастыру, пайдалану және дамыту ерекшеліктері анықталған. Еңбек нарықтарын аумақтық ұйымдастырудың мәні, тетіктері мен факторлары айқындалған. Аймақтық нарықты мемлекеттік реттеудің жаңа тетіктерін құру факторлары, шарттары мен принциптері қарастырылған.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әзірлемелері, ғылыми мерзімді басылымдардың материалдары, ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, Қазақстан Республикасының еңбек нарығы бойынша Ұлттық статистика бюросының деректері, Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша статистикалық ақпарат, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері алынған.

Зерттеу танымның диалектикалық әдісіне, ғылыми жалпылау және жіктеу әдістеріне, жүйелік және салыстырмалы талдау әдісіне негізделген. Жалпы ғылыми әдістермен қатар баланстық және индекстік әдістер, болжау және жоспарлау әдістері қолданылды. Түркістан облысы мен Шымкент қаласының еңбек нарығын мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеу үшін Жол картасын жасау әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу әлеуметтік-экономикалық процестерге көп қырлы тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып, мемлекеттің араласуы негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттің бұл үдеріске араласуы жұмысқа қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуына, жұмыс орындарының кәсіби деңгейін көтеруге, сондай-ақ жұмыссыздық мәселелерін шешу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ұтымды пайдалануға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы еңбек нарығының экономикалық тұрғыда реттелуін ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Әрі бұл әрекет халықтың жұмыспен қамту жағдайларын реттеу бойынша қордаланған проблемаларды шешуге бағытталған.

2011 жылы «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы және «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» қабылданды. Бағдарламаның мақсаты дағдарыстан кейінгі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау арқылы жұмыссыздық мәселесін шешу болды. Бағдарламаның іске асуы шикізаттық емес секторларда өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етумен қатар, жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын сақтауға, жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді.

«Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы аясында 861 мың адам жұмысқа орналастырылды. Бағдарламаның негізінде тұрақты жұмыс орындарына – 604 мың адам, әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларға – 55 мың адам, әлеуметтік жұ-

мыс орындарына – 111 мың адам, жастар практикасына – 91 мың адам тартылды.

Сонымен қатар, осы бағдарлама аясында Жұмыспен қамту тек жалдамалы жұмыспен ғана емес, сонымен қатар микрокредиттер беру арқылы кәсіпкерлік сыныпты құрумен де қамтамасыз етілді. Бағдарламаның іске асырылуы жылдарында 44 мың ісін жаңа бастаған кәсіпкер микрокредиттер алу арқылы өз кәсібін дөңгелетті [1].

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі шаралар кешенін іске асыруда Қазақстан Республикасында қаржы институттары құрылды. 1991 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры құрылды. Оның мақсаты жұмыспен қамту саясатын іске асыру және жұмыспен қамту қызметтерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру болып табылды.

1997 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құрылды. Бұл АҚ 2006 жылы «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік холдингінің құрамына кірді. Қазіргі уақытта Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

2016-2020 жылдары аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлікті дамытуға жыл сайын орта есеппен 508,5 млрд. теңге бөліп отырды. Бес жыл ішінде 266 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Осы кезеңде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның аясында кәсіпкерлік негіздеріне 105 мыңнан астам адам оқытылды. 1 кестеде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2016-2020 жылдардағы қызметінің негізгі көрсеткіштері мысалданған (1 кесте).

1 кесте – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметінің сапалық көрсеткіштері

Көрсеткіш атаулары	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.
Қаржылық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаржы көлемі, млрд. теңге	606,0	548,5	536,7	239,5	612,0
Құрылған жұмыс орындарының саны, дана	26061	25059	94267	94791	25900
Нарықтығы белсенді ШОБ субъектілерінің құрамындағы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі, %	5,3	5,1	4,5	7,5	6,4
Оқыту бағдарламаларына қатысқандар саны, адам	5988	25059	22076	24254	27916
Қашықтықтан қызмет көрсетілген клиенттер саны, адам	54765	63829	-	28227	59705
Ескерту: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның көрсеткіштері					

Жалпы, «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы негізінде жұмыссыздықтың өсуін тежеу бойынша дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылды. 2016 жылдан бастап жұмыссыз қалған және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өнімді жұмыспен қамтылуына жағдай жасау міндеті өзектендірілді.

«Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асырудың оң тәжірибесі 2017ж. іске асырыла бастады. Нәтижелі жұмыспен қамту кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі ауылдық өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, сондай-ақ нарықта сұранысы жоқ білімі бар халықты қолдауға бағытталуы болды.

2018-2019 жылдары бағдарламаға 1 млн адам тартылды, оның ішінде жұмыссыздар үлесі – 76%, әйелдер – 46%, жастар – 38% құрады.

Бағдарламаны іске асыруды қаржыландыру жалпы көлемі 589 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде қаражат 2020 жылы

үш бағыт бойынша төмендегідей бөлінді (2 кесте).

Жеке нысаналы көрсеткіштерден басқа, бағдарламаның үш бағыты бойынша жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы 0,8%-ға қосымша ұлғайуы; кемінде 500 мың жаңа кәсіпкерлік ортаны құру; өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың орташа айлық табысын нақты мәнде 36%-ға 75 мың теңгеге дейін ұлғайту күтілуде [2].

Үкімет жастар жұмыссыздығына қарсы күресіп жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған саясатты дәйекті түрде жүзеге асырып келді. Жастарды жұмыспен қамту проблемаларын шешудің маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл мәселені жалпыұлттық басымдық ретінде айқындады.

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың арқасында Қазақстан Республикасында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2016 жылғы 3,8%-дан 2020 жылы 3,6%-ға дейін төмендеді.

2 кесте – Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын қаржыландыру, 2020 жыл

Бағдарлама бағыты	Қаржылық көлемі	Нәтижелер
Бағдарламаға қатысушылардың техникалық және кәсіби білім беру, қысқа мерзімді кәсіби оқытумен қамтамасыз ету	11,6 млрд. теңге	техникалық және кәсіби біліммен 21,3 мың адам қамтылды, қысқа мерзімді кәсіби оқытумен 26,0 мың адам қамтамасыз етілді
Жаппай кәсіпкерлікті дамыту	43,0 млрд.теңге	Қалалар мен ауылдарда 5800 шағын несие берілді, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында 15,0 мың жұмыскер кәсіпкерлік негіздерін оқыды
Еңбек нарықтарын дамыту	9,0 млрд. теңге	Әлеуметтік маңызы бар жұмыс орындарына 11 359 адам орналасты, жастар практикасы бойынша 12 725 түлек, қоғамдық жұмыстарға – 76 163 адам тартылса, жұмыс күші қажет аймақтарға көшіп-қонуға 2 792 адамға субсидия төленді
Ескерту: https://www.baiterek.gov.kz		

Үкіметтің жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша жүргізіп жатқан игілікті істеріне қарамастан, кейбір өңірлердегі қазіргі еңбек нарығы экономиканың тұрақты өсуіне, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге кедергі келтіруде. Ондай факторлардың біріне өңірлік ауыл халқының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін өңірдің

экономикалық әлеуетінің шектеулілігін жатқызуда болады [3].

Мысалы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы және Алматы қаласы бойынша департаменті ауыл-аумақтарында еңбек күштері шоғырланған (3 кесте).

3 кесте – Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасының еңбек нарығының 2020 жылғы көрсеткіштері

Өңір	Жұмыс күші, мың адам	Жұмыс-басты тұрғындар, мың адам	Жалдамалы жұмысшылар, мың адам	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	Жұмыссыздар, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, %
Қазақстан Республикасы	9197,5	8744,5	6681,6	2099,2	453,0	4,9
Ақмола облысы	417,8	397,1	278,3	129,2	20,6	4,9
Ақтөбе облысы	439,2	418,3	356,7	59,8	20,9	4,8
Алматы облысы	1024,0	975,0	723,9	267,1	49,0	4,8
Атырау облысы	327,6	311,6	278,4	38,4	16,0	4,9
Батыс Қазақстан облысы	338,4	321,5	204,2	117,5	16,9	5,0
Жамбыл облысы	530,0	504,0	330,1	176,9	26,0	4,9
Қарағанды облысы	683,6	653,1	592,9	56,1	30,5	4,5
Қостанай облысы	495,5	471,1	331,3	153,5	24,4	4,9
Қызылорда облысы	344,8	328,0	218,2	114,1	16,8	4,9
Маңғыстау облысы	331,2	314,7	284,3	21,3	16,4	5,0
Павлодар облысы	403,8	384,6	329,3	61,2	19,2	4,8
Солтүстік Қазақстан облысы	301,9	286,6	214,0	79,4	15,3	5,1
Түркістан облысы	823,4	779,4	422,9	361,4	44,0	5,3
Шығыс Қазақстан облысы	705,7	671,4	478,7	199,4	34,3	4,9
Астана қаласы	590,7	563,3	487,7	65,6	27,4	4,6
Алматы қаласы	1007,6	954,4	879,2	79,8	53,2	5,3
Шымкент қаласы	432,3	410,4	284,0	125,8	22,0	5,1
Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деректері негізінде құрастырған						

Алматы қаласында еңбекке қабілетті 1007,6 мың адамның 954,4 мыңы, яғни 94,7%-ы ғана жұмыспен қамтылған [4]. Оның ішінде жалдамалы жұмысшылар 879,2 мың адам, яғни 92,1%. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 79,8 мың адам, яғни 8,3%. Алматы қаласындағы жұмыссыздық деңгейі 2020 жылы 5,3%-ды құрады.

Түркістан облысында ең қиын жағдай өсіресе ауыл аймақтарды. Түркістан облысында бала туудың жоғары болуы салдарынан еңбек күші үнемі артып отырады. Халықтың табиғи өсімі жұмыс орындарының тиісті санымен қамтамасыз етілмейді, демек, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі, жұмыс орындарының жетіспеушілігі, өндіріс орындарының тоқырауы, еңбек нарығындағы жоғары шиеленіс, аймақтық жұмыспен қамту орталықтарының жұмысының төмендігі, бұл салалардағы жұмысты әлсірете түсуде.

Жұмыс күші артық болғандығына қарамастан көптеген өндіріс орындары жоғары білікті мамандарға, менеджерлерге және маман жұмысшыларға зәру. Өсіресе, еңбек нарығындағы жоғары шиеленіс облыстың ауылдық жерлерінде байқалады. Ауылдық жерлерде жұмыс орындарын таңдауға мүмкіндік өте шектеулі. Содан болар жұмыссыздықтың өсу қарқыны мен ұзақтығы қалаға қарағанда ауылдық жерлерде өте жоғары.

2020 жылы Түркістан облысының еңбекке қабілетті халқының саны 821,9 мың адамды құрады. Бес жыл ішінде, яғни 2016 жылдан 2020 жылға дейін Түркістан облысында жұмыс күшінің саны 1216,6-дан 821,9 мың адамға дейін, яғни 67,5%-ға төмендеді (4 кесте). Мұндай төмендеу Түркістан облысындағы әкімшілік-аумақтық қайта құрулармен түсіндіріледі (4 кесте).

4 кесте – Түркістан облысы еңбек нарығының негізгі индикаторлық көрсеткіші

Көрсеткіш	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.
Жұмыс күші, мың адам	1 210,0	1 197,0	832,0	826,2	821,8
Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	1 147,3	1 134,9	789,0	784,3	779,4
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	644,5	652,2	429,2	422,9	421,6
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	502,8	482,6	359,8	361,4	357,8
Жұмыспен қамтылған тұрғындар санындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі, %	43,8	42,5	45,6	46,1	45,9
Жұмыссыз халық, мың адам	62,8	62,1	43,0	41,8	42,8
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас), %	6,1	17,3	15,2	11,6	19,5

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде құрастырған

Түркістан облысында да жұмыспен қамтылған халық саны талдау кезеңінде төмендеді. Өсіресе, 2018 жылы күрт төмендеу 789,0 мың адамға дейін байқалды. 2017 жылмен салыстырғанда төмендеу 43,8%-ды құрады. 2019-2020 жылдары облыста жұмыспен қамтылғандар саны 779,8 мың адамға дейін төмендеді. Жалдамалы жұмысшылар саны 2016 жылдан 2017 жылға дейін 644,5 мың адамнан 652,2 мың адамға дейін ұлғайды [қараңыз 4].

Алайда, 2018 жылы олардың саны 429,2 мың адамға дейін азайды, 2019-2020 жылдары тағы да төмендеу байқалды, ол 2020 жылы 421,6 мың адамға жетті. Статистика деректері бойынша жұмыспен қамтылған халықтың 94,6%-ы нәтижелі жұмыспен қамтылған, 5,4%-ы нәтижесіз жұмыспен қамтылған. Талданып отырған кезеңде жұмыссыздық деңгейі 5,2%-ды құрады. 2020 жылы ол қайтадан 5,2%-ға дейін өсті.

Халықаралық стандарттар бойынша Қазақстан Республикасында 15-64 жас

аралығындағы еңбекке жарамды адамдардың жұмыспен қамтылуы 73% жоғары деңгейде болды. Бұл Батыстың дамыған елдерінің деңгейіне сәйкес келеді. Жұмыспен қамтудың бұл көрсеткіш мәні жұмыспен қамтылған халықтың жоғары болуымен байланысты болды. Өсіресе жұмыс күші артық өңірлерінде, оның көрсеткіш үлесі жұмыспен қамтылған халықтың 25%-на жетті (Түркістан облысы – 46%). Ал еркеңдетті дамыған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесіне барлық жұмыспен қамтылғандарды қарастырғанда шамамен 10%-ы ғана келеді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардан басқа, яғни бейресми жұмыспен қамтылғандар еңбек нарығының маңызды проблемасы болып табылады. Олардың саны 2010 жылдан бері қатты өсіп келеді [5].

Шымкент қаласы бойынша да еңбек нарығында артық жұмыс күші баршылық. Шымкентте 2020 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды құрады. Қалада өзін-өзі

жұмыспен қамтыған халық саны Қазақстан Республикасының басқа мегаполистерімен салыстырғанда екі есе көп. Мысалы, 2020 жылы Астанада өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 65,9 мың адамды, Алматыда – 81,7 мың адамды, Шымкентте 125,9 мың адамды құрады. Шымкент қаласында жастар арасындағы жұмыссыздық республикалық деңгейден 15,7%-ға, ал облыстық деңгейден 12,8%-ға жоғары.

Жергілікті билік органдарының жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламаларды іске асыруына қарамастан, Бағдарламаға қатысушылардың тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасуы төмен. 2011-2020 жылдар аралығында Шымкент қаласының жұмыспен қамту орталығына жүгінгендердің жалпы санының 60%-ы ғана тұрақты жұмыс орындарына орналасқан. Бюджет қаражатының басым бөлігі уақытша жұмыс орындарын құруға бағытталуда. Қатысушыларды осы аталған бағыттар бойынша жұмысқа орналастыру мерзімі 6 айдан 12 айға дейін. Бірақ нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндеттеріне сәйкес келмейді.

Жергілікті ауылдық жерлерде жұмыспен қамту тек жастарды қоғамдық жұмыстарға тартумен шектеліп қалуда.

Бағдарламалардың тиімділігін білдіретін Ұлттық өнімнің, немесе еңбек өнімділігінің өсуіне сәйкестігі туралы жан-жақты талдаулар жоқ, немесе жүргізілмейді. Біздердің ойымызша, жұмыс күшін нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етуге тарту мәселесі тиімсіз шешілуде. Оның тиімділігін арттыру үшін барлық мемлекеттік және салалық орындар, өңірлік жоспарлар жаңа жұмыс орындарын құруға жұмыстануы тиіс.

Біздердің пікіріміз бойынша, жұмыссыздықтың нысанды топтарын, яғни нәтижесіз және бейресми жұмыспен қамтылғандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің тиімді шаралар кешенін әзірлеу қажет. Бұл ретте жергілікті билік қала тұрғындарына, әсіресе, қала маңындағы ауылдық жерлерде (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының 39 ауылдық елді мекені Шымкентке қосылған) тұрақты тұрғындарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін мүмкіндіктерді айқындап басым бағыттар ретінде айқындауы қажет.

Қамтылмаған еңбекке қабілетті ауылдық халықты талдау және кейіннен тіркеу үшін көші-қон қызметтерімен, ішкі істер органдарымен, зейнетақы қорымен, халыққа қызмет көрсету орталықтарымен, мүгедектер қоғамымен және т.б. келісілген іс-әрекеттерді жүзеге асыра алатын жұмыс-

пен қамту орталықтарының қызметін жандандыру қажет.

Халықты жұмыспен қамтудың өңірлік орталықтары «Халықты жұмыс орындарымен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жұмыс істейді. Жұмыспен қамтудың өңірлік орталықтары 2011 жылы құрылды. Бүгінгі таңда Қазақстан аумақтарында, облыстық маңызы бар қалаларында, Астана қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қалаларында 203-ке жуық халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс істейді.

Жұмыспен қамту орталығының функциялары:

- өзі-өзін жұмыспен қамтыған, жұмыссыздар және табысы аз халықты кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;
- ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем жасау;
- еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру тиімділігін көтеру;
- ауылдық елді мекендерді дамытуды қолға алу.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ұзақ мерзімді кезеңде жұмыссыз халық санының табиғи деңгейінің өсуіне әсер ететін маңызды факторлардың қатарына, бірінші кезекте: қызметкерлер құрамындағы жастардың үлес салмағының өсуі; экономикадағы жиі құрылымдық өзгерістер; жұмыс істейтін азаматтардың жалпы санындағы әйелдердің үлес салмағының өсуі жатады [қараңыз 5].

Белгілі бір дәрежеде жұмыссыздық деңгейіне фирмалардың жұмыс орындарын (бос жұмыс орындарын) және жұмыссыз халықтың еңбек ұсыныстарын келісуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ақпараттың болмауы да әсер етеді. Бұл өте күрделі процесс, өйткені әр жұмыс орны мен әр қызметкердің өзіндік ерекшеліктері бар [6].

Осыған байланысты, еңбек нарығын реттеудің маңызды элементі жұмыспен қамту орталықтарының қызметі болып табылады.

Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін жетілдіру, ең алдымен, мына бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс:

- оның ұйымдастырылуы мен құрылымын оңтайландыру;
- жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру;
- жұмыспен қамту қызметінің бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі шегінде жалпыұлттық дерекқорға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Қолайлы жағдайлар жасау, оларды кәсіпкер ретінде тіркеуге жәрдемдесу, шағын кредиттер алу, бизнес-инкубаторлардың қызметіне қатысу арқылы экономиканың заңды секторына жұмыссыздар мен өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтығандарды тартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Қала деңгейінде жұмысшылардың үлкен топтарын босату мүмкіндігіне жедел әрекет ету жүйесін енгізген жөн, оларды жұмыстан шығару мүмкіндігі туралы ақпарат түскеннен кейін бірден, азаматтар өлі жұмыс істеп жатқан кезде тиімді алдына алу шараларын қолданған дұрыс. Осындай шаралар төменде көрсетілген:

* қызметкерлерді басқа кәсіпорындардағы бос орындармен таныстыру;

* психологтарға кеңес беру;

* бос жұмыс орындарын өз бетінше іздеу, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі семинарларға қатысуға тарту.

Мұның бәрі, біріншіден, жұмысқа орналасуды тездетуге, екіншіден, жұмыстан босатылған жұмысшылардың психологиялық стрестері мен моральдық ыңғайсыздығын азайтуға мүмкіндік береді.

Қала халқының еңбек нарығында кәсіби бағдарлау тетіктеріне ерекше рөл беріледі. Жалпы алғанда, бұл тұжырымдама адамдарды тандалған мамандықтарға ақпараттандыруға, кеңес беруге, іріктеуге және бейімдеуге байланысты шаралар жүйесін қамтиды.

Шымкенттегі жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік-қорғау қызметін жетілдіру үшін, біздің ойымызша:

– кәсіптердің дамуын болжау және мониторинг жүйесін құру;

– жұмыссыздардың кәсіптері мен кәсіптік оқуын дамытуды институционалдық-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру;

– жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың тұжырымдамалық қағидаттарын қайта қарау және жақсарту;

– осы саладағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары мен қағидаттарын белгілеу.

Еңбек нарығының қазақстандық моделі халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларына, яғни мемлекеттік Жұмыспен қамту қызметі органдарына жүгінген азаматтарға еңбек нарығында жеке бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және біліктілігін арттыру, қайта даярлау, жеке бизнесін ашуға несиелер мен субсидиялар беру арқылы тиімді жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, жаңа жұмыс орнына көшу кезінде жәрдемдесуге, жұмыс орындарын құруды субсидиялауға бағытталған бағдарламаларға басымдық береді [7].

Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей, Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту бағдарламалары негізінен қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына қысқартылады.

Осындай жағдай, біздің ойымызша, белсенді бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың бірыңғай, қолжетімді әдістемелік құралдарының жоқтығынан туындайды, сондықтан көбінесе олар қамтылған адамдардың саны бойынша бағаланады, бұл олардың мәнін көрсетпейді.

Бұл жағдайда осы бағдарламалардың тиімділігін сапалы бағалау мәселелері ерекше өзектілікке ие болады. Экономикалық әдебиеттерде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларының тиімділігін бағалау проблемаларына арналған бірқатар зерттеулер ұсынылған, онда авторлар қолданыстағы әдістемелік тәсілдердің дамымағандығын дұрыс атап өтеді. Сондықтан зерттеу гипотезасын келесі ережелермен ұсынуға болады:

• Шымкент қаласының еңбек нарығындағы белсенді бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жұмысқа орналастыру жағдайларының санын ғана емес, сондай-ақ жұмысқа орналастыру сапасын (ұзақтығы, жалақысы) сипаттайтын статистикалық қолжетімді көрсеткіштердің жиынтығы бойынша жүргізу қажет;

• жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламалары мемлекеттік Жұмыспен қамту қызметі органдарына өтініш білдіргендердің барлық контингентіне емес, оларға қатысуға дайын адамдарға ғана ұсынылуға тиіс;

• мемлекеттік Жұмыспен қамту қызметі органдарында пайдалануға ыңғайлы және статистикалық қолжетімді көрсеткіштердің бірыңғай тізбесіне негізделген жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың бірыңғай әдістемесі болуға тиіс, бұл осындай бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың ықтимал құралдарына сондай-ақ мыналар жатады:

■ тартылған мамандардың (оның ішінде кадр агенттіктері мамандарының) көмегімен сараптамалық бағалау;

■ бағдарлама аяқталғаннан кейін белгілі бір уақыт аралығында (мысалы, бір жыл) қызметкердің жұмысқа орналасу ұзақтығы мен жалақы мөлшерін бақылау;

■ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларынан өткен адамдарға сауалнама жүргізу.

Бағалаудағы бірінші және екінші тәсілдер мемлекеттік (облыстық) жұмыспен қам-

ту қызметі органдарының статистикалық есептілік нысандарына негізделген және тек жалпылама баға береді.

Сонымен қатар, бірінші тәсіл жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің нақты бағдарламасының тиімділігін ескеруге мүмкіндік бермейді, ал екінші тәсіл біріншісінің қиындықтарын алып тастаса да, бағалауда тек сандық көрсеткіштер ескеріледі. Үшінші тәсіл бағалауда дәлірек, бірақ бұл бағалау әдістері жоғары шығындарға жатады, өйткені оларды жүргізу жоғары білікті мамандар мен бейімделген мәліметтер базасын қажет етеді, сондықтан оларды іс жүзінде қолдану өте қиын.

Осыған байланысты, біз Шымкент қаласының жұмыспен қамту қызметтерінің қызметінде жұмыссыздарды атаулы қолдауға, оларды бейіндеуге және кәсіпкерлік қызметке дайындығын анықтауға арналған жұмыссыздың жұмысқа орналасу әлеуетін бағалаудың кешенді әдістемелік тәсілін пайдалануды ұсынамыз.

Бұл тәсіл бағдарламаларға қатысу үшін іріктеу мақсатында жұмыссыздардың белсенділік дәрежесін айқындау міндетін

шешуге қатысты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саласындағы жұмыспен қамту орталықтарының құралдарын пайдалануды көздейді. Осы тұрғыда жұмыссыздарды бейіндеудің ең тиімді әдісі «аралас» болып табылады, ол объективті (статистикалық) деректерді де, жұмыссыз тұлғасының әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын сараптамалық бағалауды да кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Бейіндеуге арналған құралдардың кешенді пакетінде біз: жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру әлеуетін бағалаудың матрицалық моделін, көрсеткіштерді балдық бағалауға көшіру әдістемесін; матрицалық іріктеу негізінде жұмыссыздардың бөлінген топтары үшін Жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламалары бағыттарының мәзірін қалыптастыру әдістемесін ұсындық.

Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру әлеуетін анықтауды бағалаудың матрицалық моделі бірқатар топтарға құрылымдалған жұмыссыздардың объективті белгілерінің үйлесімі негізінде құрылған, олардың арақатынасы балмен бағаланады (5 кесте).

5 кесте – Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру әлеуетін анықтауды бағалау матрицасы

Көрсеткіштер	Балл					
	1	2	3	4	5	6
Жасы	20-ға дейін	70-тен астам	60-70	50-60	20-30	30-40
Білім деңгейі	Негізгі жалпы білімі жоқ	Негізгі жалпы	Орта (толық) жалпы	Бастапқы кәсіби	Орта кәсіби	Жоғары кәсіби
Жұмыс өтілі	1 жылдан аз	1 жылдан 3 жылға дейін	3 жылдан 6 жылға дейін	6 жылдан 9 жылға дейін	9 жылдан 12 жылға дейін	12
Жұмыссыздықтың себебі (бағалау процесінде басқа да нақтылаушы көрсеткіштер қолданылуы мүмкін)	Жұмыс берушінің талабы бойынша	Қарулы Күштер қатарынан босаған	Штаттың қысқаруымен байланысты	Кәсіпорынның жабылуы, өз ісінің тоқтауы	Еңбек келісім-шартының мерзімінің аяқталуы	Өз еркімен жұмыстан босау

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Модельдің келесі элементі – матрицалық модельдің көрсеткіштері белгілі бір жұмыссыздың жұмысқа орналасу әлеуетін есептеу кезінде жұмыспен қамту орталығы пайдалануға ыңғайлы балдық бағалауларға қайта есептелетін схема.

Бағалау жүргізу барысында Жұмыспен қамту орталығының сарапшылары әрбір жұмыссызға оның жұмысқа орналасу әлеуетін сипаттайтын белгілі бір балл санын береді.

Бұл модельде жұмысқа орналасу перспективасының интегралды көрсеткішінің максималды мәні – 24, ең азы – 4.

Сонда нәтижелілікті бағалау көрсетілген шкала бойынша жүргізіледі (6 кесте).

Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру әлеуетін бағалаудың ұсынылған моделінің артықшылығы оның икемділігімен анықталады. Көрсеткіштерді бағалау критерийлері талдаудың мақсатына байланысты өзгеруі мүмкін. Осы әдісті қолдану нәтижесінде белгілі бір жұмыссыз үшін бағдарламалар мен іс-шаралардың түрін дәл анықтауға болады.

Жұмыспен қамту орталығының жұмысын жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі жұмыс берушілермен ынтымақтастық болып табылады.

6 кесте – Матрицалық әдіспен алынған балдарға байланысты жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру перспективалылығын бағалау

Балл саны	0-5	5-10	10-15	15-20	20-24
Жұмысқа орналасу мүмкіндігін бағалау	Өте төмен, негізгі сипаттамаларға өзгерістер енгізу қажет	Төмен, біліктілігін өзгерту бойынша жедел шаралар қолдану қажет	Қанағаттанарлық, Нормативке жақын еңбек нәтижелілігі елеуеті бар	Жақсы, Көптеген көрсеткіштер нормативтен жоғары, талапқа сай	Жоғары
Топтар	V	IV	III	II	I
Жұмыссыздықтың ұзақтығы	1 жылдан астам	7 айдан 1 жылға дейін	4 айдан 6 айға дейін	2 айдан 3 айға дейін	1 айдың көлемінде
Ескерту: авторлармен құрастырылған					

Жұмыс берушілер әрқашан жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік серіктестері мен клиенттері болып табылатындығын атап өткен жөн, бірақ экономиканың жағдайына және оның даму тенденцияларына байланысты аталған рөлдердің басымдығы өзгереді:

– экономикалық құлдырау кезінде, тіпті жекелеген кәсіпорындарда да, жұмыс берушілердің еңбек нарығындағы әріптестер ретіндегі рөлі басымдыққа ие болады. Кәсіпорындардың жұмысшыларға сандық қажеттіліктері төмендейтіндіктен, жұмыспен қамту орталығының негізгі клиенттері жұмыссыздар болып табылады, олардың жұмысқа орналасуы едәуір күрделене түседі;

– экономикалық өсу кезінде жаңа кәсіби-біліктілік сапасындағы жұмыс күшіне мұқтаж клиенттер ретінде жұмыс берушілердің рөлі бірінші орынға шығады.

Жұмыспен қамту орталығының базасында кәсіптік бағдарлау бөлімін құруды қала халқының еңбек нарығын жетілдірудің маңызды тетігі ретінде қарастыруға болады. Жұмыспен қамту орталығының қызметін нормативтік қамтамасыз ету оның қызметінің әртүрлі аспектілерін реттейтін және азаматтарды жұмысқа орналастыру, олардың кәсіби бағдарлануы, бейімделуі және психологиялық қолдау кезінде кешенді тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін регламенттер жүйесін қамтиды.

Жұмыспен қамту орталығының қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру үшін жұмыс берушілермен келісімдерге қатысты ережелерді әзірлеу орынды болып табылады.

Қорытынды. Қазақстан Республикасындағы еңбек ресурстарын мемлекеттік реттеу мәселелерін зерделеу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазақстандықтарды еңбекпен қамту Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті ауылдық атқарушы органдардың басымдықтарының бірі болып табылады.

2. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік саясатын іске асыруда нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің жаңартылуы байқалады.

3. Мемлекет халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына айтарлықтай ресурстар бөледі.

4. Институционалдық база және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыруда елеулі тәжірибе бар.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің отандық еңбек нарығын дамытудың тиімділігін арттыру бойынша жүргізіп жатқан ауқымды жұмысына қарамастан, Қазақстан Республикасының жұмыс күші артық өңірлерінде жұмыссыздықты азайту мәселелерін шешу қиын.

6. Сондай-ақ, біз жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру әлеуетін бағалаудың матрицалық моделін ұсындық, оны Шымкент қаласының жұмыспен қамту орталығы қалалық еңбек нарығының сапалық және сандық көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу кезінде пайдалана алады.

Әдебиеттер тізімі

[1] Дорожная карта занятости 2020. Постановление Правительства РК от 19.06.2013г. № 636 [Электронный ресурс].– 2020.-URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000636> (дата обращения 20.05.2021).

[2] Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек». Постановление Правительства РК от 13 ноября 2018 г. № 746 [Электронный ресурс].- 2021.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746> (дата обращения 25.05.2021).

[3] Кутаев, Ш.К. Конкуренция на рынке труда трудоизбыточного региона // Региональная экономика: теория и практика. - 2009. - № 39 (132). - С. 35-38.

[4] Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК [Электронный ресурс]. - 2021.- URL: <https://www.stat.gov.kz/> (дата обращения: 10.05.2021).

[5] Колесник, В.С. Государственное регулирование рынка труда в сельской местности /В.С. Колесник//Новая наука: современное состояние и пути развития.-2016.-№9.-С.228-231.

[6] Бексултанова, А.И. Проблема занятости населения в РФ / А.И. Бексултанова // European Research. -2017.-№ 5 (28).- С. 38-41.

[7] Болор, Б.Б. Проблема занятости и безработицы / Б.Б. Болор // Научный журнал. - 2017. -№ 7 (20). - С. 25-27.

References

[1] Dorozhnaya karta zanyatosti 2020. Postanovlenie Pravitel'stva RK ot 19.06.2013g. №636 [Road map of employment 2020. Decree of the Government of RK 19.06.2013. No. 636].-2020.-Available

at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000636> (date of access: 20.05.2021) [in Russian].

[2] Gosudarstvennaya programma razvitiya produktivnoy zanyatosti i massovogo predprinimatel'stva na 2017-2021 gody «Enbek». Postanovlenie Pravitel'stva RK ot 13 noyabrya 2018 g. № 746 [State program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021 "Employment". Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan on November 13, 2018.-No.746].-2021.-Available at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746>. date of access: 25.05.2021) [in Russian].

[3] Kutaev, Sh.K. (2009). Konkurenciya na rynke truda trudoizbytochnogo regiona [Competition in the labor market of the labor surplus region]. *Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika- Regional economy: theory and practice*, 39 (132), 35-38 [in Russian].

[4] Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam RK [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. - 2021. – Available at: <https://www.stat.gov.kz/> (date of access: 10.05.2021) [in Russian].

[5] Kolesnik, V.S. (2016). Gosudarstvennoe regulirovanie rynka truda v sel'skoj mestnosti [State regulation of the labor market in rural areas]. *Novaya nauka: sovremennoe sostoyanie i puti razvitiya-New Science: modern state and path of development*, 9, 228-231 [in Russian].

[6] Beksultanova, A.I. (2017). Problema zanyatosti naseleniya v RF [The problem of population employment in the Russian Federation]. *European Research*, 5 (28), 38-41 [in Russian].

[7] Bolor, B.B. (2017). Problema zanyatosti i bezraboticy [The problem of employment and unemployment]. *Nauchnyj zhurnal – Scientific Journal*, 7 (20), 25-27 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – негізгі автор; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының профессоры; Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті; 161200, Б.Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Ниязбекова Роза Калманбаевна; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Экономика» кафедрасының профессоры; М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; 160012 Тауке Хан даңғ., 5, Шымкент қ., Қазақстан; e-mail: roza.niazbekova@bk; <https://orcid.org/0000-0001-6666-0456>

Илашева Сауле Ашуровна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика» кафедрасының доценті; М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; 160012 Тауке Хан даңғ., 5, Шымкент қ., Қазақстан; e-mail: s.ilasheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6051-7496>

Information about the authors:

Ydyrys Serikbai Saduakasuly - The main author; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Public Administration and International Relations; H.A.Yasavi International Kazakh-Turkish University; 161200 B.Sattarkhanov Ave., 29, Turkestan, Kazakhstan; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Niyazbekova Roza Kalmanbayevna; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Economy; M.Auezov South Kazakhstan University; 160012 Tauke Khan Ave., 5, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: roza.niazbekova@bk; <https://orcid.org/0000-0001-6666-0456>

Ilasheva Saule Ashurovna; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Economy; M.Auezov South Kazakhstan University; 160012 Tauke Khan Ave., 5, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: s.ilasheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6051-7496>

Информация об авторах:

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – основной автор; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Государственное управление и международные отношения»; Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А.Ясави; 161200 пр. Б.Саттарханова, 29, г.Туркестан, Казахстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Ниязбекова Роза Калманбаевна; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Экономика»; Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова; 160012 пр.Тауке Хана, 5, г.Шымкент, Казахстан; e-mail: roza.niazbekova@bk; <https://orcid.org/0000-0001-6666-0456>

Илашева Сауле Ашуровна; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Экономика»; Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова; 160012 пр.Тауке Хана, 5, г.Шымкент, Казахстан; e-mail: s.ilasheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6051-7496>